

## Ырғыз ауданы бойынша қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2025 жылғы 23 маусымдағы № 224 шешімі

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 347 "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 377 "Халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, Ырғыз аудандық мәслихаты

**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ырғыз ауданының санаттары бойынша қалдықтардың пайда болу нормаларының есептік көрсеткіштері осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Ырғыз ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат  
төрағасы

М. Турымов

Аудандық мәслихаттың  
2025 жылғы "23" маусымдағы  
№ 224 шешіміне 1-қосымша

## Ырғыз ауданының санаттары бойынша қалдықтардың пайда болу нормаларының есептік көрсеткіштері

| №                | Атауы                               | Есеп бірлігі | Жинақтаудың есептік нормалары |
|------------------|-------------------------------------|--------------|-------------------------------|
| 1                | 2                                   | 3            | 4                             |
| Өлшем бірліктері |                                     |              |                               |
| №                | Объектінің атауы                    |              | м³/жыл                        |
| 1                | Абаттандырылған үй иеліктері (КПТУ) | 1 тұрғын     | 1,83 (0,7)                    |
|                  |                                     |              |                               |

|    |                                                                                                                                     |                 |            |
|----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|------------|
| 2  | Абаттандырылмаған үй иелері (жеке үй)                                                                                               | 1 тұрғын        | 1,75 (0,7) |
| 3  | Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және басқа да осындай нысандар                                            | 1 орын          | 0,52       |
| 4  | Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері                                                                                           | 1 орын          | 0,52       |
| 5  | Балабақшалар, бөбекжайлар және басқа да мектепке дейінгі мекемелер                                                                  | 1 орын          | 0,9 (0,35) |
| 6  | Мекемелер, ұйымдар, кеңселер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері                                                               | 1 қызметкер     | 0,33       |
| 7  | Емханалар, медициналық орталықтар                                                                                                   | 1 бару          | 0,13       |
| 8  | Ауруханалар, өзге де емдеу-алдын алу мекемелері                                                                                     | 1 төсек / орын  | 0,89       |
| 9  | Мектептер және басқа оқу орындары                                                                                                   | 1 оқушы         | 0,9 (0,19) |
| 10 | Мейрамханалар, кафелер, басқа да ойын-сауық орындары мен қоғамдық тамақтану мекемелері                                              | 1 орын          | 0,63       |
| 11 | Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, казинолар, Ойын автоматтары залдары, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар | 1 орын          | 0,13       |
| 12 | Мұражайлар, көрмелер                                                                                                                | 1 м2            | 0,07       |
| 13 | Стадиондар, спорт алаңдары                                                                                                          | 1 орын          | 0,03       |
| 14 | Спорт, би және ойын залдары                                                                                                         | 1 м2            | 0,027      |
| 15 | Азық-түлік және Өнеркәсіптік дүкендер, аралас дүкендер                                                                              | 1 м2сауда алаңы | 0,14       |
| 16 | Машиналардан сауда жасау                                                                                                            | 1 м2            | 0,06       |
| 17 | Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, науалар                                                                                 | 1 м2            | 0,06       |
|    |                                                                                                                                     |                 |            |

|    |                                                                            |                   |      |
|----|----------------------------------------------------------------------------|-------------------|------|
| 18 | Көтерме базалар, өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының қоймалары           | Жалпы ауданы 1 м2 | 0,48 |
| 19 | Тұрмыстық үйлер: халыққа қызмет көрсету                                    | 1 м2              | 0,10 |
| 20 | Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар                                        | 1 м2              | 1,23 |
| 21 | Жағажайлар, жолдардан көше сметалары                                       | 1 м2              | 0,05 |
| 22 | Дәріханалар                                                                | 1 м2              | 0,12 |
| 23 | Автотұрақтар, Автожуу станциялары, автожанармай құю станциялары (АЖС)      | 1 машина орны     | 4,07 |
| 24 | Автокөлік шеберханалары                                                    | 1 қызметкер       | 1,69 |
| 25 | Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер                                 | 1 гараж           | 0,81 |
| 26 | Шаштараздар, сұлулық салондары                                             | 1 орын            | 1,73 |
| 27 | Кір жуу, химиялық тазалау, тұрмыстық техниканы жөндеу, Тігін ательесі      | Жалпы ауданы 1 м2 | 0,13 |
| 28 | Зергерлік шеберханалар, аяқ киім жөндеу, сағат                             | 1 м2              | 0,45 |
| 29 | Шағын жөндеу және қызмет көрсету (кілттерді дайындау және т. б.)           | 1 орын            | 0,94 |
| 30 | Моншалар, сауналар                                                         | 1 м2              | 0,07 |
| 31 | Қала аумағында жаппай іс-шараларды ұйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары | 1000 қатысушыға   | 0,07 |
| 32 | Бау-бақша кооперативтері                                                   | 1 учаскесі        | 0,47 |

Аудандық мәслихаттың  
2025 жылғы "23" маусымдағы  
№ 224 шешіміне 2-қосымша

## Ырғыз ауданы бойынша қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

| № | Атауы            | Есептік бірлік    | Теңге (қосылған құн салығынсыз) |
|---|------------------|-------------------|---------------------------------|
| 1 | Жайлы үйлер      | 1 тұрғыннан айына | 345                             |
| 2 | Жайлы емес үйлер |                   | 330                             |
|   |                  |                   |                                 |

|   |                                |      |       |
|---|--------------------------------|------|-------|
| 3 | Жылдық тариф бірлігіне (көлем) | 1 м3 | 2 264 |
| 4 | Заңды тұлғалар үшін            | 1 м3 | 1 789 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК